

## ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 81:1; 81-1; 81-13; МҒТАР 16.01.07  
<https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.01>**Б.И. НҮРДӘУЛЕТОВА**

филология ғылымдарының докторы, профессор

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті

(Қазақстан, Ақтөу қ.), e-mail: [nurdauletova@mail.ru](mailto:nurdauletova@mail.ru)<https://orcid.org/0000-0002-6911-6509>**ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақаланың мақсаты – қазақ дүниетанымындағы базалық концептілердің поэтикалық тілдегі көрінісіне талдау жасау. Ол үшін тілдік дерек ретінде жыраулық дәстүр туғызған көркем мәтіндерді пайдаландық.

Концепт, біріншіден, жалпы адамзаттың, осы тілде сөйлеуші жеке адамның мәдени тәжірибесіне, білім қоры мен дағдысына байланысты; екіншіден, концепт көрінетін нақты контекске тәуелді. Концептінің кейбір мүмкіндіктерін, адресат арқылы қабылдануын контекст белгілі бір жағдайда шектеуі де мүмкін. Сонда концепт арқылы берілетін менталды таным кейде тілдің шеңберінен де шығып кетеді. Бұл жерде контекстің тасасындағы «тілден тыс мағына» іске қосылады. Концептосфера жасауда жазушылар (ақындар), фольклор жеткізушілер, жеке кәсіп иелері мен діни сословие өкілдері басты рөл атқарады деген пікірлер де бар. Тілдің байлығы «сөздік қордың» көлемімен ғана емес, концептуалдық әлемнің, концептуалдық аяның байлығымен де өлшенеді. Неліктен қазақ тілінде көп сөздер термин жасауға, жаңа сөз жасауға бейім емес. Біздің ойымызша, оның себебі ол сөздердің семантикасында құлыпталған таным аясы өте кең, салмағы ауыр да күрделі, ал терминдер нақтылық пен бірмағыналылықты талап етеді.

Концепт пен сөз мағынасының арақатынасын айқындау семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың ерекшеліктері арқылы да көрінеді. Себебі жеке сөздің семантикасын түсіндіру концептуалдық талдаумен іргелес, бірақ екі талдаудың нәтижелері екі түрлі: егер біріншісі сөздің семантикалық құрлымын жасауға, сөздің денотативтік, сигнификативтік, коннотативтік мағыналарын нақтылауға арналса, концептуалдық талдау белгілі бір тілдік таңбада жинақталған жалпылама концептілерді көрсетеді, таңбаның табиғатын белгілі когнитивтік құрылымда айқындайды. Семантикалық талдау сөзді түсіндіріп, анықтауға қызмет етсе, концептуалдық талдау дүниені тануға бағытталады. Сондықтан біздің зерттеуімізде жыраулар тіліндегі базалық концептілер жекеленген сөздердің семантикалық өрісінен де өзге, ұлттық таным мен «білімдік аяны» танытатын мәдени мәтіндер аясында талданады.

**Кілт сөздер:** базалық концепт, жыраулық мәтін, бейнелі фреймдер, ой-схемалар, жалғыздық, жекелік.

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Нұрдаұлетова Б.И. Қазақ дүниетанымындағы базалық концептілердің тілдік көрінісі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №1 (123). – Б. 7–20. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.01>

**\*Cite us correctly:**

Nurdauletova B.I. Qazaq dunietyanyndagy bazalyq konceptilerdin tildik korinisi [Language Expression of Basic Concepts in the Kazakh World Picture] // *Iasauy universitetinin habarshysy*. – 2022. – №1 (123). – B. 7–20. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.01>

**B.I. Nurdauletova**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

*Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov*

*(Kazakhstan, Aktau), e-mail: nurdauletova@mail.ru*

### **Language Expression of Basic Concepts in the Kazakh World Picture**

**Abstract.** The purpose of this article is to analyze the reflection of basic concepts in the Kazakh world picture in poetic language. For this purpose, we used artistic texts that gave rise to the zhyrau tradition as language sources.

The concept depends, firstly, on the cultural experience, knowledge and skills of humanity as a whole, the individual who speaks this language; secondly, the concept depends on the specific context in which it manifests itself. Some of the possibilities of the concept, its perception through the addressee, may also be limited by the context in a particular situation. Then the mental cognition transmitted by the concept sometimes goes beyond the limits of language. This is where «non-linguistic meaning» in the context Stone is activated. There is also an opinion that writers (poets), suppliers of folklore, owners of private businesses and representatives of religious classes play a key role in the creation of the conceptsphere. The richness of language is measured not only by the size of the «vocabulary», but also by the richness of the conceptual world, the conceptual sphere. Why many words in the Kazakh language are not inclined to create a term, to create a new word. In our opinion, the reason for this is that the field of knowledge, which is locked in the semantics of words, is very wide, heavy and complex, and terms require a certain degree of clarity.

The definition of the relationship between the concept and the meaning of a word is also expressed through the features of semantic analysis and conceptual analysis. Because the interpretation of the semantics of an individual word is adjacent to conceptual analysis, but the results of both analyses are different: if the first is intended to create a semantic structure of a word, to clarify the denotative, significative, connotative meanings of a word, conceptual analysis reflects generalized concepts accumulated in a particular language symbol, determines the nature of the symbol in a certain cognitive structure. Semantic analysis serves to explain and define a word, while conceptual analysis focuses on understanding the world. Therefore, in our research, the basic concepts of the zhyrau language are analyzed not only in the semantic field of individual words, but also in the context of cultural texts that represent national knowledge and «educational background».

**Keywords:** basic concept, poetic text, figurative frames, thought schemes, loneliness, individuality.

**Б.И. Нурдаулетова**

*доктор филологических наук, профессор*

*Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова*

*(Казakhstan, г. Актау), e-mail: nurdauletova@mail.ru*

### **Языковые проявления базовых концептов в казахском мировоззрении**

**Аннотация.** Цель данной статьи – анализ проявлений базовых концептов казахского мировоззрения в поэтическом языке. Для этого в качестве языкового материала мы использовали художественные тексты, образовавшие поэтическую традицию жырау.

Концепт, в первую очередь, связан с культурным опытом, с запасом знаний и навыков всего человечества и, в частности отдельной личности, говорящей на данном языке, во-вторых, концепт зависит от конкретного текста, в котором он проявляется. В определенных случаях контекст может ограничивать некоторые возможности концепта, восприятие через

адресат. И тогда ментальное познание, передаваемое через концепт, иногда может выйти за языковые рамки. В этом случае подключается «внеязыковое значение», находящееся в тени контекста. Существует мнение, что писатели (поэты), передающие последующему поколению исполнители фольклорных произведений, представители отдельных профессий и религиозного сословия играют главную роль в создании концептосферы. Языковое богатство измеряется не только объемом «словарного запаса», но и богатством концептуальной сферы. Почему многие слова в казахском языке не склонны к созданию терминов. По нашему мнению, причина этого кроется в том, что в семантике этих слов лежит довольно широкий, глубокий и сложный смысл, а термины тем временем требуют конкретности и однозначности.

Различие между концептом и значением слова проявляется и через особенности семантического и концептуального анализа. Так как объяснение семантики отдельного слова погранично с концептуальным анализом, однако результаты двух анализов различны: если первый вид анализа предназначен для создания семантической структуры слова, конкретизации денотативного, сигнификативного, коннотативного значения, то концептуальный анализ показывает общие концепты, собранные в определенных языковых знаках, а языковые знаки определяются в определенной когнитивной структуре. Если семантический анализ служит для объяснения, определения слова, то концептуальный анализ направлен на познание мира. Поэтому базовые концепты в языке жырау в нашем исследовании анализируются в рамках культурных текстов знакомящее не только с семантическим полем отдельных слов, но и национальным познанием и «сферой знаний».

**Ключевые слова:** базовый концепт, поэтический текст, образные фреймы, мыслительные схемы, одиночество, индивидуальность.

### Кіріспе

Тіл – философтар үшін дүние туралы философиялық тұжырымдар жасаудың, дүние туралы білімдік аясын тасымалдаудың құралы ретінде маңызды болып келсе, бұдан былай философия мен логикадағы, мәдени антропологиядағы, психологиядағы күрделі мәселелерді түбегейлі шешу лингвистикалық тұжырымдар мен пайымдауларды қажет ететіні байқалды. Сөздің лингвистика, әдебиеттану, логика, философия, өнертану, мәдениеттану тәрізді гуманитарлық білімдер саласында жан-жақты маңызға ие болуы ХХ ғасырдың соңында филологияда «концептуалды-мәдениеттанымдық» бағыттың қалыптасуына ықпал етті. Осы бағыттың зерттеу контекстінде мәдениеттану шешуші пән ретінде қаралды, ал оның басты бірлігі ретінде концепт танылды [1, 8-б.].

Р.М. Фрумкинаның көрсетуінше соңғы кездердегі лингвистиканың ең жақын іргелес «көршісі» жалпы білімдер кешені, сонымен бірге адам психикасының феномені болып табылатын білімдер жүйесі туралы ғылым болып отыр [2, 2-б.]. Ғалымның айтуынша, білімдер (знания) біраз уақыттар бойы әлеуметтік-мәдени, психологиялық феномен ретінде қаралып келген. Соңғы уақыттан бері ғана табиғи тілді біздің дүние туралы біліміміздің қорытпасы (фиксация) әрі білімнің қалыптасу көзі ретінде қарастыру қолға алына бастаған. Лингвистиканың философиямен, білімдер туралы ғылыммен, психологиямен, мәдени антропологиямен қарым-қатынасының нәтижесінде концептуалды талдау, концепт, категория, прототип терминдері лингвистикалық зерттеулерде қолданыла бастады.

Ал көптеген зерттеулерден пайымдауымыз бойынша, тіл біліміндегі антропоцентристік бағыт дүниені тану тек қана тіл арқылы толық мәнінде мүмкін болады. Адамзаттың пайда болу, қалыптасу тарихының құпия сырлары тілде ғана көрініс береді. Тілдегі адамдық факторды зерттеу ғаламның тілдік, концептуалдық бейнесін зерттеумен тығыз байланысты өрістейді. Қазіргі таңда ғаламның тілдік, концептуалдық бейнесін жеке концептілер деңгейінде түсіндіру басты мәнге ие болып отыр.

Концепт феноменінің бірнеше ғылымдар контексінде базалық ұғымға айналуы, оны жан-жақты тануға қызығушылықтың артуы осы ұғымның жеке теория ретінде қалыптасуына жол ашты. Бұл теорияның негізінде концепт лингвомәдени ерекшеліктерді бойына жинаған сөздік және тілдік категориялар арқылы көрінетін менталды білім ретінде қаралады.

Сонымен, концепт туралы сөздіктердегі анықтамаларды, ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарды салыстыра келіп, төмендегі өз пайымдауымызды ұсынамыз: концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін элеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі.

Концепт – сөз мағынасы, ұғым, сөздің ішкі формасы, семасы, т.б. терминдерімен барабар емес. Себебі концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын «сөздер қоры» (тірек сөздер) арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады.

Мәселен, жыраулар дүниетанымындағы мұң концептісін айқындауда, *мұң, қайғы, уайым, шер* тәрізді синонимдес сөздердің семантикалық өрісінен өзге мұңның логикалық, психологиялық, философиялық түсіндірмесі, қазақ халқы үшін мұңның эмоциональдық, бағалауыштық, этникалық, тарихи тұрғыда қабылдануын танытатын мәтіндер (фразеологизмдер, афоризмдер, миф, т.б.) қоса ұсынылады. Ал жыраулар тіліндегі дүниенің жаратылу концептісі жеке сөздердің семантикасына тікелей байланысты емес. Дүниенің жаратылуы жөніндегі діни-философиялық, діни-мифтік танымнан тарайтын когнитивтік құрылымдар арқылы түсіндіріледі. Мәселен, дүниенің жаратылуы туралы түсінік мен, мен және олар, мен және қоғам, мен және ғалам арақатынасынан өрбиді.

Сонымен бірге ол концептілер жеке сөздердің (кілт сөздер) семантикалық аясында жинақталған философиялық, діни, мифтік білімдер арқылы талданды. Ал «өлім», «қайғы, мұң» концептілері жалпы адамзатқа ортақ базалық концептілер болғандықтан, концептіге апаратын кілт сөздердің (жан, тән, рух, өлім, ажал) семантикалық өрісі, осы концепт арқылы танылатын ұлттық, жалпы адамзаттық «аялық білім», тілдік аядағы танымдық құрылымдар – фреймдер арқылы талданып, көрсетіледі.

### Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде алынған XV–XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының өлең-толғауларындағы адам баласының базалық эмоциясын білдіретін өлім, қайғы, шер, мұң, жалғыздық, жекелік ұғымдары зерттеу барысында семантикалық және концептуалды талдау әдістерін жүргізу арқылы зерттелді.

**Зерттеу материалы.** А. Вежбицкаяның [3, 320-б.] көрсетуінше, адамдық эмоция түрлерін зерттеуші ғалымдар «базалық эмоция» концепциясын жасап шықты. Бұл концепция бойынша базалық эмоцияға жатқызылатын «алғашқылардың» қатарында *қайғы, мұң, үрей, жалғыздық* эмоциялары аталады. Бұлар барлық адам баласына тән, генетикалық жақтан қалыптасқан (заложенный) деп саналады. Себебі аталған эмоция түрлері мәдениет түріне, тіліне қарамастан барлық халықта бар.

Когнитивтік бағыттағы зерттеу еңбектерде «өлім» концептісі жан-жақты сөз болып жүр. Бұл туралы біздің бұған дейінгі зерттеулерімізде қарастырылған.

Қазақ ақын-жырауларының тілдік дүние танымындағы «өлім» концептісі стереотиптік адами танымдар негізінде және мұсылман дінінің діни-философиялық ұстанымдары арқылы қалыптасқан эстетикалық танымдық жүйелі құрылым болып табылады. Өлім концептісіне байланысты зерттеулерде өлімнің жақсы-жаман бағалауыштық параметрдегі антиподы – өмір концептісі салыстырыла сипатталады. Ал жыраулар тілінде өлім концептісі дара сипатқа ие. Ол өмірмен салыстырылмайды. Себебі өлім – жыраулық когницияда өмірдің

бітуі, аяқталуы емес, екінші өмірдің жалғасуы. Оның салмағы «өмірдің бітуімен» емес, «мақшар таңындағы жауаптың дұрыс болу-болмауымен» бағаланады.

Адам баласының когнитивтік санасында өлім концептісімен қатар *қайғы, мұң, шер, үрей, жалғыздық* концептісі орын алғаны белгілі. Себебі өлімнің алғышарты да кейінгі салдары да адам баласының *қайғыру, үрей, жалғызсырау* әрекетіне тіреледі.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде XV–XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының өлең-толғауларындағы адам баласының базалық эмоциясын білдіретін өлім, қайғы, шер, мұң, жалғыздық, жекелік ұғымдары алынды. Зерттеу барысында семантикалық және концептуалды талдау жүргізілді.

Жаңа гуманитарлық білімдер саласына «концепт» сөзін алғашқылардың бірі болып, орыс ойшылы С.А. Аскольдов (1870–1945) енгізген болатын. Философ концептілерді танымдық (познавательные) және көркемдік (художественные) түрлеріне жіктейді, бірақ олардың аралық шегінің өзгеріп, кейде бір-бірімен астасып отыратынын да жоққа шығармайды [4, 268-б.].

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер (С.А. Аскольдов, Д.С. Лихачев, В.В. Колесов, В.Н. Телия) концептіні сөздің коннотативті элементтерімен қоса алғандағы барлық мағыналық әлеуеті, концепт сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды [4–7].

Концептінің мәнін когнитивті тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер З.Д. Попова, И.А. Стернин концептіні «ауқымды ойлаудың бірлігі» («как глобальную мыслительную единицу, представляющую собой «квант структурированного знания») ретінде қарастыра келіп, концептінің тілдегі фразеологизмдерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге, мәтіндерге, мәтіндер байланыстылығына талдау арқылы жан-жақты ашылып түсіндірілетінін жазады. Концептінің тілдік көрінісін талдау арқылы тілді тұтынушының санасындағы концепт мазмұнын тани аламыз дейді [8, 10–11-бб.].

Үшінші бағытты ұстанушылар концептінің мәдениеттанымдық аспектісіне ерекше мән береді. Олардың пікірінше, тұтас мәдениет концептілердің жиынтығы, олардың, өзара қарым-қатынасы арқылы анықталады. Осы бағыттың өкілі Ю.С. Степанов: «в структуру концепта входит все то, что и делает его фактом культуры – исходная форма (этимология), сжатая до основных признаков содержания история; современные ассоциации; оценки и т.д.», - деп жазады. Ол концептіні мәдениеттің микромоделі ретінде қарастырады. Оның түсіндіруінше, «мәдениеттің ұйытқысы» бола отырып, концепт экстралингвистикалық, прагматикалық, яғни тілден тыс ақпараттарды білдіреді [9, 40–41-бб.]. Басқаша айтқанда, Ю.С. Степановша концепт мәдениеттің базалық единицасы, құнарлы құрамы.

Біздің талдауымыз концептіні зерттеудің екінші бағытына сәйкеседі. Жыраулар поэтикасындағы базалық концептілер ұлттық дүние бейнесінің когнитивті құрылымы арқылы сипатталады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Аралбай жырау Оңғарбекұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Маңғыстау өңірінде өмір сүрген айтулы ақын. Өзімен замандас ақын-жыраулармен салыстырғанда өзгешелеу стильдегі сөз зергері. Оның шығармаларында Қалнияз жыраудағы ерлік, батырлықты дәріптейтін жорық жырлары, Ақтандай ақындық серілікті жыр еткен ерекше екпінділік, не Қашаған жыраудағы ақыл, өсиет, насихат айту сарыны жоққа тән. Өмірдің баянсыздығы, ел басындағы қиыншылықтарды көбірек жырлайтын мұңды философияға құрылған, қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыстық әдеби дәстүрдің сөз саптау жүйесін қатар меңгерген көркем сөз өрнектерінен тұратын жырлары басым.

Адамның ішкі жан дүниесінің ерекше күйзелісінен туындайтын қайғыру әрекеті өлең-сөздің өріліп шығуына ықпал ететін күш болып табылады. Асанқайғының «Ой түбінде жатқан сөз Шер толқытса шығады» деген философиялық түйіні жыраулар поэтикасын зерделеуде айқын аңғарылады.

Жыраулар поэтикасындағы қайғы-мұң семантикасы, жалғыз перзентінен айырылған әкенің жан-ахуалы арқылы көрініс береді. Жалғзынан айырылып күйік тарту, оны сөз (бұл жерде «жыр, өлең, толғау» мағынасында) арқылы беру, сыртқа шығару, сол арқылы әлеуметпен бөлісу (жеңілдеу), өзін-өзі жұбату көптеген жыраулардың қаламына тән.

Бұндай ахуал Аралбайдың өз баласы Берекетке арналған жоқтау-толғауында жан-жақты ашылып берілген. Ақын:

Қайғы толса қалыбыңа

Ұшқындап шығар зыбаннан [10, 393-б.], -

дейді. Бұл жерде қалыб – арабтың «жүрек» мағынасындағы сөзі. Жүрекке қайғы толғанда жыр тілінің еріксіз шешілетіндігі, ақын болмауға амалың қалмайтындығы айтылған. Қайғы сөзі «қайғырғанмен пайда жоқ», «Көңілім көшіп қайғырып», «Көп кештім қайғы теңізін» түрінде жиі қайталанып отырса, бірде

Екі қасым жол болар

Қайғы мен шаттық арасы

Немесе:

Қайғы – қара теңіз – дүр ...

Шаттық жанның саясы, -

деп қайғы ұғымы оған мүлде қарама-қарсы көңіл-күймен салыстырыла көрсетіледі.

Басына ұшсаң қондырмас

Уайым-қайғы тау болар,

Көлденең жүрсең өткізбес,

Түбіне түссең жеткізбес

Мысалы, терең сай болар [10, 393-б.].

Осы «қайғы» семантикасы арқылы берілетін психологиялық күй тек адам баласы ғана емес, бүкіл жаратылыс атаулыға тән сезіну түрінде сипатталады. Яғни «баласынан айрылған әкенің қайғы-қасіреті», «еңсесі кеткен жүйрік», «ботасы өлген боз мая», «оқ тиген қу», «артуын таппай мертіккен қатепті қара нар», «қанаты сынған қаршыға», «тұяғы сынған тұлпар» образдары арқылы сипатталады. Ақындық қабылдау, түйсік бойынша жаратылыстың белгілі бір түрлері үшін (боз мая, нар, қаршыға, тұлпар, т.б.) жоғарыда аталған әрекет-күйлер (ботасы өлу, еңсесі кету, мертігу, оқ тию) қайғы-қасірет тудыратын бірден-бір себеп болып табылады.

Қайғы сөзінің семантикалық жүгі кейде басқа бір сөздерге жүктеледі. Жырау:

Ашу – бөрі, ақыл – қой

Аралас бағып жүре алман – [10, 398-б.], - десе,

бұндағы ашу – жан ашуы, жан дерті, яғни қайғыны меңзейді.

Сондай-ақ:

Шерлі жүрек, желді өкпе

Желпінбей шықпас құмардан,

... Домбыра тартып, жыр жырлап,

Басайын күйік-қарқынын.

... Құр шалғайсыз шаршатар

Уайымның сары даласы [10, 398-б.], -

деген жыр жолдарындағы шер, күйік қарқыны, уайым қолданыстары «қайғы» сөзінің семантикасын жан-жақты аша түсуге қызмет етіп тұр. Кейде «қайғы» сөзінің семантикалық бояуы мағыналары перифразаланған етістікті тіркестер арқылы қалындай түседі: алтын туы жығылу, асқар тауы құлап тұрмау, ашылмас күннің тұманы түсу, төсекте жатып көлбеу,

жастықта жатып еңіреу, толқынсыз жылжып көшу, тауы шағылып, сағы сыну, қолдан құралы тарқау, базары тарқау, көңілі көшу, жез қанаты қайырылу, оқ тиген қудай меңдеу, белден жарағы үзілу, қан түкіріп қайғыру, т.б.

Бұл тіркестер ұлттың болмысы мен дүние танымын бейнелейтін тілдегі бейнелі фреймдер болып табылады. Мәселен туы жығылу (жай ту емес, алтын ту) қазақ, жалпы түркі халқында «жеңілу, күйреу» немесе «басына қайғы-қасірет түсу» дегенді білдіретіні белгілі. Асқар тауы құлау – «тірегінен, айырылу, арқа сүйері жоқ, жағдайсыз күйге ұшырау». Сондай-ақ «асқар тауы құлаудан», «асқар тауы құлап тұрмаудың» экспрессиялылығы күштірек: «асқар тауы бір рет құлап қана қоймай, қайта тұрғызсаң да жығылып, тұрмау» ұғымын береді. «Қайғыру, жаманшылық» концептісі бірде асқар тауы құлау, ашылмас күннің тұманы түсу (ашылмайтын тұманның экспрессиясына мән беріңіз) фреймдеріндегі табиғаттағы жаманшылық деп қабылданатын құбылыстармен астастырылып берілсе, бірде тауы шағылу, сағы сыну, көңілі көшу экспрессивті фразеологизмдерінің семантикалық астарында, сонымен бірге төсекте жатып көлбеу, жастықта жатып еңіреу, қан түкіріп қайғыру сияқты әрекеттердің психологиялық әсері, этносимволдық мәні (қазақтар үшін жаман ырымның белгісі) арқылы, яғни жыраулар танымында бұл ұғымның түрлі қырымен сипатталып көрініс беруі арқылы танылады.

Еңсеме түсті ауыр жүк,

Тарта алмай жүкті зорландым (Аралбай) [10, 398-б.].

Болып тұрсың-ау, Аралбай,

Үзілгендей жұлының.

Зар уын ішіп сен тұрсың,

Қолыңнан кетіп құлының. (Қашаған) [10, 407-б.].

Келтірілген тіркестердің қай-қайсысында да «жаманшылық» күйді бейнелейтін (еңсеге ауыр жүк түсу, жұлыны үзілу, зар уын ішу) іс-әрекет, қалып-күй астары бар.

Ақындық түйсікте «қайғыру» әрекеті тек сезімді жан иелеріне ғана емес, жансыз заттарға да тән күй ретінде көрсетіледі. Аралбай жырау өзінің қайғылы-қасіретті жайын:

Мен – жапанда қалған бәйтерек,

Жағдайсыз күні жел соғып

Жапырағы жерге төгілген ...

Мен – бір тұрған ақ сауыт

Адыра қалып сөгілген [10, 393-б.], -

деп жансыз, тілсіз деп қабылданатын ағаш пен ақ сауытқа да қайғы шектіреді.

Табиғат перзенті – мал, жан-жануарларда болатын құбылыстар арқылы да өлімнің, қайғының әсерлілігін арттыра түседі:

Берекеттің басында,

Мазарының қасында

Болып тұрсың ба, шайырым,

Нар маядай тізделген (Қашаған) [10, 407-б.].

Жалпы ақындық қабылдауда сөз (яғни өлең) ішкі күйзелісті сыртқа шығару құралы ғана емес, сол күйзеліс, қайғы қасіреттің себепшісі бола алатын сиқырлы күш көзі де. Өлең сөздің жолына түскен ақын-жыраулардың көпшілігінің артында ұрпақ қалмаған...

Сөздің тылсым күші жөнінде ғалым Қ. Жаманбаева: «Адам кейде бір сөзді оқыс айтып қап, сол сөздің түпкірінде жатқан энергияны еріксіз оятуы мүмкін. Ол энергия көбіне зиянды, қатерлі күш болып кетеді. Олар санаға үнемі лықсып шығып отырады, тек әдетте әлдебір формаларды бүркемеленіп өтеді» деп жазады [11, 67-б.].

Қандай шарасыз, үмітсіз жағдай туса да «тәубасынан» жазбайтын, «жұтап отырып шүкірге тоймайтын» ұлттық менталитет Аралбай ақынға да тән. Зарлы толғауларын төгіп-төгіп келіп:

Пенделіктің әсері

Көңілім көшіп қиналған...  
Ағайын-тума неғылсын  
Тура құрық келгесін  
Адасқан жауап бұларым...

Мінасып емес бұл жерде  
Мазанды алып еңіредім...  
Жылады деп сөкпе, жұрт  
Мен – ботасы өлген боз мая [10, 393-б.], -

деп «асылық сөйлеп, сөз киесіне ұрынудан» сақтанады. «Алланың ісіне көнбеске шарам жоқ. Пенде болған соң қиналғанымды білдіріп жатырмын. Мені сөге көрмендер» - деп көпшілікке сөз арнау арқылы құдіреті күшті кең Аллаға жалбарынады. Осы жоқтау-толғаудың ортасында қайталанып отыратын, қайталанғанда да құбыла қайталанып отыратын тұрақты жолдар бар:

Жылады деп сөкпе, жұрт,  
Мен – ботасы өлген боз мая,  
Тұлыбына келіп ыңыранған.

Жылады деп сөкпе, жұрт,  
Ерік кеткен бастан уағым  
Мен – ботасы өлген боз мая,  
Тұлыбына келіп ыңыранған.

Жылады деп сөкпе, жұрт,  
Мен – ботасы өлген боз мая,  
Тұлыбына келіп ыңыранған  
Иіскесем қанар шөлдерім.

Жылады деп сөкпе, жұрт,  
Мен – ботасы өлген боз мая,  
Тұлыбына келіп еміренген  
Иіскесем мейірімім қанады.

Сөйледің деп сөкпе, жұрт,  
Мен – ботасы өлген боз мая,  
Айдалада аңыранған  
Тұлыбынан үзбей күдерін [10, 393-б.].

Бұндай қайталаулар толғаудың ауыз әдебиетіндегі жоқтау үлгісімен ұқсастығын көрсетеді. Әрі өлеңдегі қайғырудың семантикалық қуатын арттыра түсу үшін де қызмет атқарып тұр. Сонда қайғы ұғымының экспрессиясы тек жеке сөздер мен сөз тіркестерінің семантикасы арқылы ғана емес өлең жолдарын қайталап, құбылтып беру беру тәсілі арқылы да жүзеге асырылып тұр. Қайталаудың осындай ерекшелігін ғалым Қ. Жаманбаева: «Бір сөзді қайталау арқылы ішкі күйді күшейтіп қанықтыра береді де, бірте-бірте оны белгілі бір шегінен асырып, мистикамен ұластырып жібергенге дейін өршітеді» [11, 67-б.], - деп өте дәл көрсетеді.

Жалғыз Аралбай жырау емес, қазақта жалғыз перзентінен айрылып, көңілінің күйігін өлеңмен баспаған ақын-жырау кемде-кем. Өлең жырдың дүлдүлі Қашаған жырау «Қоштасу» сөзінде:

Үш рет ұя салдым кезек-кезек  
Тұқымым он төрт рет көктеп шығып  
Жас кетіп барлығы да – өртенді өзек [12, 123-б.], -

дейді. Немесе Түмен Балтабасұлы жалғыз ұлынан айрылған зарлы толғауында:

Көремін-дағы көз жасты,



Маңдайға біткен делімнен.  
Жалғыздың кеткен жапасы  
Қайғының қалың қапасы  
Ажарымның алды өңімнен,  
Базарымды алды өзімнен,  
Хоштықты алды көңілден, -

деп сипаттайды. Перзентінен айрылған ана:

Ақ сүт берген анасы,  
Қабырғасы сөгілген,  
Көзінің жасы егілген,  
Жемісі жерге төгілген.

түрінде суреттеледі. Өлімнің арты *қасірет-қайғы* болса, түйіні *шүкір етумен* аяқталады.

Ғафу ет өзің, Жасаған,  
Шырылдайды бала үшін  
Жануар-жәндік – барша алам...  
Айтайын сөзді сағадан,  
Шықпайық шарық-шамадан.  
Құдайдың ісі – ғаділет,  
Күтейік фазыл – Панадан.  
Мұратқа жетер соңында  
Жүрген жан Хақтың жолында,  
Құбылаға қараған,  
Жүзінен иман тараған.  
Зікірін айтып зарланып,  
Салауат, таспих санаған.  
Ауырлық артад – деген бар –  
Құлына Құдай қалаған. (Түмен) [13, 393-б.].

Мұндай қайғылы көңіл-күйді беретін толғау түрлерін Қашаған; Аралбай, Сәттіғұл, Нұрым, т.б. ақын-жыраулардың қаламынан көптеп келтіруге болады.

*Қайғы*, *мұң* сөздерінің (эмоция атаулары) барлық халықта болуына қарамастан, олардың мазмұнының белгілі бір когнитивті құрылымда танылуы әр тілде өзгеше түрде кездеседі.

Қайғы, мұң сөздері өзара синонимдес, алайда қайғының экспрессивтік бояуы қалыңырақ. Сондай-ақ қайғыға қарағанда мұңның жекелік сипаты басымырақ (ішкі мұң, өз-өзінен мұңдану). Екі сөздің өзге сөздермен тіркеске түсу қабілеті де әр алуан (ауыр қайғы, ауыр мұң, жеңіл қайғы, жеңіл мұң, тәтті қайғы, тәтті мұң, қайғының уыты, мұңның уыты, т.с.с.)

Үрей жалпы адами түсінікте «қорқу, шошу» ұғымындағы адамның психологиялық күйін білдіреді. Қорқуға қарағанда үрейдің «жалғызсырау, жабырқау» эмоцияларымен астарласа жүретінін байқаймыз. Себебі үрейлену қорқынышты тылсым күштің бар екенін сезіну арқылы өзінің дәрменсіздігінді сезіну, үрей – физикалық қауіптен сақтану емес, рухани қорқыныш, жанның, рухтың секем алуы. Тіліміздегі үрейі ұшу, үрейлену қолданыстары арқылы үрей сөзінің құт, тын сөздері сияқты мифтік астарының бар екенін байқаймыз. Жыраулардың концептуалдық дүние бейнесінде үрейдің діни-философиялық сипаты бар. Үрей жыраулар танымында Алла алдында ғарасат майданында жауап берудің қорқынышымен, Ұлы үрейімен бағаланады.

Жалпы адами түсінікте үрей, қорқыныштың жалғыздық, жалғызсыраумен қатар жүретіні белгілі. Ал қазақ халқының менталды ұғымындағы жалғыздық тек жеке эмоциямен өлшенбейді, жаратылыстың заңдылығымен, әлеуметтік, қоғамдық түсінікпен өлшенеді. Қазақтар үшін «көптік» ұғымы, яғни өсіп-өну, ұрпақ жаю, жыраулық тілмен айтсақ, «дүреу»

– өмірдің негізгі мәні. Қазақ жалғыздықтан қорқады, жалғыздықтан жапа шегеді. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дейді, немесе «жағама қолдың тигенін жалғыздық сенен көремін» деп күйінеді, «жарлы байымай ма, жалғыз өспей ме?!» деп бір уақыт өзін жұбатады да. Жалғыз және көп қазақ халқының концептуалдық танымында дүниенің жақсы және жаман бөліктері ретінде бағалауыштық өлшемге ие. Жалғыздық концептісі өмір сүрген кезеңіне, қалыптасқан поэтикалық мектебіне қарамастан барлық жырауларда кездеседі. Мысал келтірейік:

Жағдайсыз жаман қалып барамын,  
Жанымда бір туғанның жоғынан (Доспамбет) [14, 33-б].  
Көп ішінде бір жалғыз,  
Көп мұңайып жылайды,  
Күйбеңдескен көп жаман  
Тілі тигенге ұқсайды (Шалкиіз) [14, 37-б].

Менің достым бар-ды һәр жерде,  
Іздесем табылмайды тар жерде,  
Табылмаса қайтейін,  
Мен ісімді хаққа тапсырғанмын һәр жерде (Шалкиіз) [14, 39-б].

Жалғыз туған жігіттен  
Сырым тікен тал артық (Бұқар) [14,83-б].

*Жалғыздықтың* жағымсыз сипаты *көп* және *аз* ұғымдарының салыстырмалы контекстінде тереңдей түседі:

Аздың да ісі бітер ме,  
Көптің де ісі жетер ме?  
Көп ішінде бір жалғыз  
Сөйлеп те сөзі өтер ме? (Бұқар) [14, 86-б].

Жалғыздық – жалғыз (адам), жалғыз ұл, ал көп – рулы (ел), *ораздының он ұлы* ұғымдарына баламаланып беріледі.

Рулының оғы қалса, табылар,  
Жалғыздың тартатұғын жағы қалса, табылмас (Бұқар) [14, 85-б].

Ораздының он ұлы  
Ойын салып жүргенде,  
Жиырлының жалғызы  
Жер сабалап қалған күн (Шалкиіз) [14, 48-б].

Бірақ *жалғыздық* жаман болғанмен, *жалғыз* барлық уақытта жаман емес. *Жалғыз* жыраулық философияда көптен, жалпыдан ерекше, *дара тұлға* ретінде марапатталады:

Жаңғызға зорлық қылмаңыз,  
Жағасынан алмаңыз,  
Өзіңіздей жақсы-сындарға  
Анау деген ат болар...  
Жалғызды жалғыз деменіз,  
Жалғыз көпке теңеліп,  
Бір жапанда соғысып,  
Кегін алмас деменіз (Бұқар) [14, 85-б].  
Атадан алтау, жетеу туғанменен,  
Соның ішінде біреуі-ақ сүтін ақтар (Көтеш) [14, 85-б].  
Атадан алтау тудым деп,  
Салмақтама неменді,  
Салмақтасаң неменді  
Тәңірі тесер төбенді.

Бір жеке туғанға жолығып,  
Өкпесі сонда торығар... (Шалкиіз) [14, 47-б.].

Іс бітірмес жамандар,  
Жүз болса да, бірмен тең (Шал) [14, 111-б.].

Жыраулық қолданыста *жалғыздық* пен *жекелік* өзара іргелес те, алшақ та ұғымдарды беретін когнитивтік бірліктер ретінде танылады. *Жалғыз* және *жеке* сөздері лексика-семантикалық бірлік ретінде бір деңгейдегі мағыналас сөздер болғанымен белгілі бір ұлттың тілдік-мәдени контексіндегі менталды бірлік – концепт ретінде кейде бір-бірімен сәйкесе бермейді. *Жалғыздық* концептісі жыраулық поэтикада *бір, тақ, жалғыз* сөздерінің ұғымдық аясында айқындалады. «Жалғыздық тек Аллаға жарасқан» деген философиялық концепция бойынша *жалғыздық* жеке адамдар үшін «жаман» деп бағаланса, *жекелік* керісінше, «даралық, өзгеден ерекшелік, артықшылық» ретінде бағаланады. «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген қанатты қағиданың астарында жалпы көпшіліктің немесе бірыңғайлықтың антиподы жеке, яғни дара тұлға туралы таным жатқаны аңғарылады.

*Жалғыздық* – жаман, бірақ жалғыз *жекелікке* қол жеткізсе, ол – жақсы. *Жекелік*, бір жағынан жалғыздың шыңдалуы, көппен (жалпы тобырмен) тайталас үстінде қалыптасуы деуге болады. *Жалғыздықтан* жапа шегіп, көптігін мақтан тұтатын (Атадан алтау туғанның, Жүрегіннің бастары алтынменен бу болар, Атадан жалғыз туғанның, Жүрегіннің бастары, Сары да жалқын су болар, Жалғыздық сені қайтейін (Ақтамберді)) қазақы менталитет *жекелікті* дәріптейді.

*Жалғыздық, даралық* концепциясының түпкі бастауы мифтік танымда жатыр деуге болады. Дүниенің жаратылуындағы дуализм ілімінде адам жанының егіздігі. Кейін сыңарынан айрылған жанның жалғыздықтан жапа шегуі немесе жұптан таққа, тақтан жекеге айналуы [15, 117-б.]. «Оғыз-қаған» эпосының поэтикасын зерттеуші Қ.Өмірәлиевте: «...эпостық жырда батыр ұл ата-анасын, халықты зарықтырып барып, ғаріптік заман басқа түскен кезде дүниеге келеді. Ол – жаудан, зұлымдықтан құтқарушы, әділетсіздікті, жауыздықты жеңуші, ата-ананы, ел-жұртын игілікке жеткізуші герой» [16, 120-б.] – деген пікір-тұжырым бар. Қазақтың батырлық жырларында зұлымдықпен күресуші топ не көп емес, жалғыз. Жалғыздың дүниеге келуінің өзі тылсым құдіретпен байланысты (әулиелердің аян беруі, пері қызынан туу, нұрдан жаралу).

Жалғыздықтың мифтік астармен астастырылып берілу үлгісін Қашағанның мына жолдарынан танимыз:

Отпан таудың басында  
Дегелек деген бір құс бар,  
Әуеде жүріп ысқырса,  
Мың орда жылан басылған [12, 35-б.].

Алдымен, мифтік дүние бейнесінде құс пен жыланның алатын өз орындары бар: бірі дүниенің жоғарғы қабатын, екіншісі дүниенің астыңғы қабатын мекен ететін сиқырлы күш иелері (ертегілердегі самұрық құс, жер астындағы Жылан Бапы елі) Мифтік, ертегілік сюжеттерде жылан мен самұрық құс бір-біріне жау (Самұрықтың балапандарын жегелі жатқан айдаһарды жеке батырлардың өлтіруі, сол арқылы самұрықтың құрметіне ие болуы) Екеуі де адамдық әлемнен (космостан) тыс, хаостық әлемнің өкілдері. Отман тау (мифологиялық дүниедегі Қап тауы) – космостық әлем мен хаосты бөліп тұрған кеңістік немесе хаостық әлемнің өзі, кейде дүниенің ортасы, кіндігі бейнесінде алуға да болады. Ойымызды бекіте түсу үшін мифтанушы ғалым С. Қондыбайдың еңбектерінен келесі мәліметті пайдаланамыз: «Түркі архаикалық мифтерінде жоғары мен төменнің зооморфты (ғаламды аң-құс кейпінде бейнелеу) бейнесін көрсету дәстүрі болған. Бұл бойынша аспан – жоғарғы дүние қарағұс [ворон], ал су, төменгі дүние жылан кейпінде суреттелген. Ал ажырамаған аспан мен су түсінігіне қарағұс пен жыланның синтезделген, жасанды біріккен образы – Кер Ютпа [кер жұтпа немесе қара жұтпа] құбыжық образы жасалған, қазақ мифі

Біздің ойымызша, Қашағанның ақындық қабылдауында дегелек құс – жекенің, жылан – көптің (мың орда) символы ретінде де алынып беріліп отыр. Ордалы жыланның мифологиялық, тылсымдық үрейі басым. Қазақ халқы ордалы жыланның ордасын бұзбауға тырысқан. Байқаусызда жыланның ордасына зақым келтіріп алса, басқа жаққа қашып, көшіп отырған, себебі ордалы жылан өзінің ордасын бұзғанды кешірмейді, қайда жүрсең де тауып, кек алады деген түсінік бар. Сондай үрейлі, тылсым күшке ие ордалы жыланның өзі әуедегі бір ғана дегелек құстың ысқырығынан басылады деген түсінік арқылы Қашаған жекенің күдірет-күшін меңзеп отыр.

### Қорытынды

Жалғыздық концептісіндегі фреймдер: жалғыз, жалғызсырау, жапа-жалғыз, жалғызілікті, жалғыз ұл, ой-схема: Құдай жалғыз – мен жалғыз; Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан; Жалғзынан айрылу; Жалғыздың үні шықпас; ой-сурет: «жалғыз жейде», «жалғыз атты жолаушы», «жапанда жалғыз қалу», «жалғыз мола» «жар басында жалғыз үй», т.б. Жалғыз сөзіне (дара және тіркес түріндегі формаларын қоса алғанда) қатысты сөздіктегі мағыналар: Жалғыз. «Тек бір өзі ғана, дара, жалқы», «Бір өзі – салт қара басы»; Жалғызда. «Бір-бірлеп, біртіндеп»; Жалғыз-жарым, «Бірен-саран, некен-саяқ»; Жалғызсы. «Елегізу, құлазу»; Жалғызіліктік. «Қарайласары жоқтық, жалғызбастылық» Осы мағыналық қатардың ішінде «Елегізу, құлазу», «Қарайласары жоқтық, жалғызбастылық» семалары жалғыздық концептісіндегі жағымсыз сипатты (жалғыздық – жаман) айқындап тұр. Жеке сөзінің семантикасын талдасақ. Сөздікте жеке 1. «Дербес, бөлек, өз алдына»; 2. «Өзіндік бір өзіне қатысты»; 3. «Оңаша, дара». Жеке-дара; 1. «Ерекшелік, даралық»; 2. «Оңаша, жападан-жалғыз, оқшау»; Жеке-жеке «Бөлек-бөлек, бір-бірлеп» [17, 200-б.]. Екі сөздің мағыналық ұштасуы «жалғыз, оқшау» және «бөлек-бөлек, бір-бірлеп» семаларында көрінеді, мағыналық алшақтығы: «елегізу, құлазу», «жалғызбастылық» мағынасы мен «ерекшелік, даралық» мағыналарының жағымды, жағымсыз астары арқылы сипатталады.

Жыраулар когнитивтік санасында жалғыздық, жекелік концептісі «Алла – бір», концепциясымен, «өлім» концептісіндегі «бірге тұмақ бар да, бірге өлмек жоқ» идеясымен, яғни өлім алдында адамның жалғыздығымен (ағайын-тұмаң, бала-шағаң, мал дүниенің – ешқайсысы сенің өлім алдындағы дәрменсіздігіңе ортақтаса алмайды, ажал алдында сен жалғызсың, көрге жалғыз кіресің), «жалғыз перзенттен айырылу» – «қайғы, мұң-шер» концептілерімен де астасып айқындала түседі.

Жалпы адами түсінікте үрей, қорқыныштың жалғыздық, жалғызсыраумен қатар жүретіні белгілі. Ал қазақ халқының менталды ұғымындағы жалғыздық тек жеке эмоциямен өлшенбейді, жаратылыстың заңдылығымен, әлеуметтік, қоғамдық түсінікпен өлшенеді. Қазақтар үшін «көптік» ұғымы, яғни өсіп-өну, ұрпақ жаю, жыраулық тілмен айтсақ, «дүреу» – өмірдің негізгі мәні. Қазақ жалғыздықтан қорқады, жалғыздықтан жапа шегеді. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дейді немесе «жағама қолдың тигенін жалғыздық сенен көремін» деп күйінеді, «жарлы байымай ма, жалғыз өспей ме?!» деп бір уақыт өзін жұбатады да. Жалғыз және көп қазақ халқының концептуалдық танымында дүниенің жақсы және жаман бөліктері ретінде бағалауыштық өлшемге ие.

*Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпиграфиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нерознак В.П. Теория словесности: старая и новая парадигмы. В кн.: Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. / под ред. проф. В.П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 5–8.
2. Фрумкина Р.М. Концептуальный анализ с точки зрения лингвиста и психолога (концепт, категория, прототип) // Научно-тех. информация. РАН ИНИТИ. – 1992. – №3. – С. 20–33.
3. Вежбицкая А. Язык, культура, познание. – Москва: Русские словари, 1996. – 446 с.
4. Аскольдов С.А. Концепт и слово. В кн.: Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / под ред. проф. В.П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 267–280.
5. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 1993. – Т. 52. – №1. – С. 3–9.
6. Колесов В.В. Концепт культуры: образ – понятие – символ // Вестник СПбГУ. Сер.2. – СПб., 1992. Вып. 3. – №16. – С. 3–40.
7. Телия В.Н. Русская фразеология (семантические, прагматические, лингвистические аспекты). – М.: Язык русской культуры, 1996. – 283 с.
8. Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж, 1999. – 280 с.
9. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1997. – 824 с.
10. Тіл таңбалы ақындар / Құрастырған Қ. Жылқышыұлы. Т. 1. – Ақтау: Printing House, 2016. – 432 б.
11. Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 б.
12. Қайыртпай кеткен Қашаған. – Алматы: Жазушы, 2011. – 432 б.
13. Тіл таңбалы ақындар / Құрастырған Қ. Жылқышыұлы. Т. 2. – Ақтау: Printing House, 2016. – 432 б.
14. Бес ғасыр жырлайды. Т 1. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
15. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999. – 303 б.
16. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 271 б.
17. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 773 б.

### REFERENCES

1. Neroznak V.P. Teoriia slovesnosti: staraia i novaia paradigmy. V kn.: Russkaia slovesnost. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiiia / pod red. prof. V.P. Neroznaka [Theory of Literature: Old and New Paradigms. In the book: Russian literature. From theory of literature to the structure of the text. Anthology / Under ed. Prof. V.P. Neroznak]. – М.: Academia, 1997. – S. 5–8. [in Russian]
2. Frumkina R.M. Konceptualnyi analiz s tochki zreniia lingvистa i psihologa (concept, kategoria, prototip) [Conceptual analysis from the point of view of a linguist and psychologist (concept, category, prototype)] // Nauchno-teh. informaciiia. RAN IniTl. – 1992. – №3. – S. 20-33. [in Russian]
3. Vezhbickaia A. Iazyk, kultura, poznanie [Language culture knowledge]. – Moskva: Russkie slovani, 1996. – 446 s. [in Russian]
4. Askoldov S.A. Koncept i slovo. V kn.: Russkaia slovesnost. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiiia / pod red. prof. V.P. Neroznaka [Concept and Word. In the book: Russian literature. From theory of literature to the structure of the text. Anthology / Under ed. Prof. V.P. Neroznak]. – М.: Academia, 1997. – S. 267–280.– 320 s. [in Russian]

5. Lihachev D.S. Konceptosfera russkogo iazyka [Conceptosphere of the Russian language] // Izvestiia RAN. Seriya literatury i iazyka. – 1993. – T 52. – №1. – S. 3–9. [in Russian]
6. Kolesov V.V. Koncept kultury: obraz – poniatie – simvol [The concept of culture: image – concept – symbol] // Vestnik SPbGU. Ser. 2. – 1992. Vyp. 3. – №16. – S. 3–40. [in Russian]
7. Teliia V.N. Russkaia frazeologiiia (semanticheskie, pragmaticheskie, lingvisticheskie aspekty) [Russian phraseology (semantic, pragmatic, linguistic aspects)]. – M.: Iazyk russkoi kultury, 1996. – 283 s. [in Russian]
8. Popova Z.D., Sternin I.A. Poniatie «koncept» v lingvisticheskikh issledovaniiah [The concept of «concept» in linguistic research]. – Voronezh, 1999. – 280 s. [in Russian]
9. Stepanov Ju.S. Konstanty: Slovar russkoi kultury [Constants: Dictionary of Russian Culture]. – M.: Shkola «Iazyki russkoi kultury», 1997. – 824 s. [in Russian]
10. Til tangbaly ahyndar [Poets with language symbols] / Qurastyrghan Q. Jylkyshyuly. T. 1. – Aktau: Printing House, 2016. – 432 b. [in Kazakh]
11. Zhamanbaeva Q. Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emociia, simvol, tildik sana [Cognitive bases of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness]. – Almaty: Gylym, 1998. – 137 b. [in Kazakh]
12. Khaiyrtpai ketken Qashagan [Kashagan, which was not returned]. – Almaty: Jazushy, 2011. – 432 b. [in Kazakh]
13. Til tanbaly aqyndar [Poets with language symbols] / Qurastyrghan Q. Jylkyshyuly. T.2. – Aktau: Printing House, 2016. – 416 b. [in Kazakh]
14. Bes gasyr jyrlaidy [Five centuries sing]. T.1. – Almaty: Jazushy, 1989. – 384 b. [in Kazakh]
15. Qondybai S. Qazaq mifologiiiasyna kirispe [Introduction to Kazakh mythology]. – Almaty: Zerde, 1999. – 303 b. [in Kazakh]
16. Omiraliev Q. Ogyz hagan eposynyn tili [The language of the Oguz Hagan epic]. – Almaty: Gylym, 1988. – 271 b. [in Kazakh]
17. Qazaq tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 1999. – 773 b. [in Kazakh]